



Бекітемін: \_\_\_\_\_ Р.Ж.Кобиланов  
Мектеп директоры  
«31» сәуір 2022-2023

**ТЕРЕҢСАЙ ЖАЛШЫ ОРТА БІЛІМ  
БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІНІҢ  
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛУ АН  
ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ  
ЖОСПАРЫ**

2021-2022 оқу жылының тәрбие жоспары сегіз бағытта негізделіп құрылды. Сонымен қатар «Мектептің өзін – өзі басқаруы», «Дебат» қозғалысы, «Оқуға құштар мектеп», «Отбасы мектеп», «Құжықтық сана – қауымға пана», «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек елдің мұраты», «Үнем – қоғам қуаты», «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Музей сабақтары», «Театр сабақтары» жобалары іске қосылып жұмыс жүргізілуде. 2021-2022 оқу жылына арналып құрылған жоспар сегіз бағытына жоғарыда айтылып кеткен жобалар кіріктіріліп құрылды. Оқу жылының алғашқы күнінде қазіргі елімізде болып жатырған карантиндік жағдайларға байланысты тек 1 – ші сыныптар үшін «Кел балалар оқылық» атты салтанатты жиын өткізілді. Сонымен қатар 1 - қыркүйек білім күнінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2-11 класс аралығында карантиндік талаптарды сақтай отырып «Тәуелсіздік жетістіктері» атты класс сабақтары өткізілді. Тіл – бүкіл бір халықтың жүрегі. Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі деп халқымыз тегін айтпаған. Тіл қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Осы орайда, ақын Мағжан Жұмабаевтың; «Ұлттың ұлт болуы бірінші шарт – тілі болу» Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлттың тілінен қымбат нәрсе болмауы керек, деп кеткен екен. Ұлтымызды тәуелсіздігімізді сақтау үшін ең алдымен тілімізді сақтауымыз керек деген асыл сөздері ойға келеді. Тілдің бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық тілімен мақтанып қана қоймай, оны дамытып жұмыс жасауы қажет. Қыркүйек айының 4-ші жұлдызынан бастап, «Тілге құрмет – елге құрмет», «Тәуелсіздік пен тіл – егіз ұғым», «Білім негізі - сауаттылық» атты дебат өтті. Аптаның ең соңғы күні «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» деп оқушылар жүректен шыққан мақтаныш сөздерін өздерінің шығарған өлеңдері арқылы жеткізді. «Дені саудың – жаны сау» демекші денсаулық бақытты өмір сүрудің ең басты негізі. Осы орайда «Денсаулық – зор байлық» атты 8 - 11 сыныптар аралығында спорттық шара ұйымдастырылды. Негізгі біздің мақсат: салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Балалардың денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Қарттар күніне орай оқушылар «Қарттарым – асыл қазынам!» деп өздерінің құттықтауларын жеткізді. Бастауыш сынып оқушылары аға – әжелеріне мерекелік құттықтау жолдаса, орта буын оқушылары мерекелік ән шашу ұсынды. Алтын күз мерекесіне орай «Берекелі күз» атты бастауыш сынып оқушыларында ертеңгіліктер өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өткізілген іс – шаралар «Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушыларды кітап оқып, рухани бай болуға баулу мақсатында жүргізіледі. «Ақиық ақын Мұқағали» 90 жыл толуына байланысты мектеп дәлізінде кітап көрмесі қойылды. Сонымен қатар мектебіміздің әлеуметтік парақшасында биографиялық шолу жасалып, ақынның өмірімен шығармашылығымен таныстырылды. Сонымен қатар «Жыр алыбы Жамбыл» 175 жыл толуына байланысты мектеп дәлізінде кітап көрме қойылды. «Кітапхана мамандыған саяхат» тақырыбында 5 сынып оқушыларына танымдық сабақ өткізілді. Алғаш кітапхана қалай құрылғандығы туралы мәлімет, кітапханамен таныстыру, кітапхана қорына кітаптар қайдан келіп түсетіндігі жөнінде және т.б кітапхана мамандығына байланысты ақпараттармен таныстырылды. Және кітап, ақыл, білім туралы, мақал – мәтел жұмбақтар шешілді. Ыбырай Алтынсарин туғанына 180 жыл «Ыбырай балалар әдебиетінің атасы» танымдық сабақ өткізілді. Ы. Алтынсариннің ертегілері, мысалдары талқыланып, мағынасына қарап әңгімелер баяндалды.

«От жүректі ақын» Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл. (1911-1955) қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі, халқымыздың дарынды ақыны. Таным сағаты өтті.

Ілияс Есенберлиннің «Айқас» романына 55 жыл. «Айқас» романы – қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу жолындағы күрделі әлеуметтік және рухани құбылыстарды суреттеген патриоттық рухтағы шығарма. Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетінде өнімді еңбек еткен аса көрнекті жазушылардың бірі. Таным сағаты өтті.

«Баланыз кітап оқығанды ұнатама?» Әр сынып ата – аналарымен кездесіп, сауалнама өткізілді. Мектеп кітапханамыздағы көркем әдебиет кітаптары, ертегілер, оқуға ұсынылды. Баламен кітап оқуға белсенділік танытуға шақырылды.

Өткізілген іс-шаралар Тереңсай ЖОББМ-нің инстаграм парақшасында жарияланып отырады. #ақтөбеоқуғақуштармектеп хэштегі. Сондай жобаларымыздың ішінде «Театр сабақтары» жобасы жұмысы атқарылып келеді. Театр өнері көрерменнің өзгелерге деген, басқа халықтар өмірі мен қоғам тіршілігіне деген ынта – ықыласын арттырумен қатар, достық сезімін де күшейте түсуге игі әсер етеді. Дүние жүзіндегі түрлі халықтардың географиялық – тарихи даму өзгешелігі мен олардың өміртұрмысы, әдет – ғұрпы, психикалық хал – жайы әр алуан театр жүйелерінің туып, қалыптасуына ықпал жасады. Оқу жылының басынан мектебімізде үйірмелер жоспары құрылып бекітілген кесте бойынша үйірмелер жүргізілуде. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында үйірмелер өз уақытында өткізілуде және нәтижесін беруде. Оқушыларымыз спорттық және көркем эстетикалық үйірмелерге қатысып түрлі жарыстардан жүлделі орындармен оралып жатыр. Мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтуды қамтамасыз ету үшін, көп балалы, толық емес жартылай жетім тұрмыстық жағдайы төмен оқушылар анықталды. Осыған орай мектептегі әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың тізімі жасалып анықталды. Аудандық жалпыға бірдей білім беру қорынан көпбалалы отбасынан шыққан АСП алатын материалдық көмек көрсетілді. Жоспарға сәйкес «Түнгі рейд» кезекшілігі ұйымдастырылып өткізілді. Нәтижесінде құқық бұзушылық, келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы бақылануда. Дәлелсіз себептер бойынша және жиі сабаққа келмей қалған оқушылар тіркелген жоқ. Оқушыларды есепке алу және жиі сабаққа келмей қалған оқушылар тіркелген жоқ. Азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру үшін «Сенім телефоны» жұмысы үздіксіз қызмет етуде. Мектеп асханасынан берілетін тегін ыстық тамаққа 1-10 сыныптар арасынан жартылай жетім, тұрмыстық жағдайы төмен, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар қамтылды. Тегін ыстық тамақтың кестесі 5 күндік сабақ кестесімен сәйкес жасалып, ас мәзірі бір жылға бекітілді. Оқушылардың тегін дұрыс сапалы тамақтануы мақсатында арнайы бракераждық комиссиясы құрылып бұйрықпен бекітілді. «Мектепке жол акциясы» бойынша оқушылар киім, оқу – құралмен қамтамасыз етілді. «Дәулет» жеке шаруашылық қожалығының басшысы: Бекенов Асқар Орағалиұлы Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебінің 10 сынып оқушысы Сандибекова Ботагөзге 10 мың теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетті. Жоспарға сәйкес әр сыныптың әлеуметтік картасы жасалып, соған сәйкес мектептің әлеуметтік паспорты жасалып бекітілді. Педагог психолгтың 2021-2022 оқу жылы бойынша 1 тоқсанында төмендегідей жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында 1 класс оқушыларымен психологиялық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде барлығы 12 оқушы қатысты. Жоғары көрсеткіш- 6 оқушы, орташа көрсеткіш- 1 оқушы анықталды. Осы оқушылармен таным процестерге байланысты әдістемелер және түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. 8-11 класс аға-аналар арасында «Отан-отбасынан басталады» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Тренингті «Менің бейнем» танысу тренингімен бастау арқылы ата-аналар арасында жағымды ахуал қалыптасты. Тренинг барысында барлығы да өз ойларын ортаға салып, қызығушылықпен қатысты. Оқушылардың қарым-қатынасын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей

білуін дамыту мақсатында 1-4 класс оқушылары арасында «Суретті аяқтайық», «Атомдар мен молекулалар», «Сиқырлы қобдиша» атты тренинг жаттығулар жүргізілді. Қазан айында 8-11 класс оқушылары арасында «DASS» сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесінде: қауіп қатер тобы анықталған жоқ. 5 класс оқушылары арасында «Жылулық шеңбері», «Достық» «Паравоз» атты тренинг жаттығулар ұйымдастырылды. Нәтижесінде: оқушылар өз әсерлерімен бөлісіп, жаттығуларға белсене қатысты. «Құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында 5-7 класс оқушылары арасында психологиялық тренинг өткізілді. Қатысушылар тақырыпқа қатысты ойларымен бөлісе білді. 8 - 11 класс қыздары арасында қыздармен әңгімелесе отырып, ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу мақсатында «Болашаққа қамқорлық» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ ұйымдастырылды. «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында тренинг жүргізілді. Оқушылар белсене қатысып, өз ойларымен бөлісті. Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі бойынша қыркүйек айында БҚЖ ревакцинациясын қайта жүргізу мақсатында «Вакцинациялау – туберкулездің алдын – алу шаралары» атты 1 класс оқушыларының ата – аналарымен онлайн жиналыс өткізілді. Осы мақсатта 1 класстың 12 баласына манту сынамасы қойылды. Теріс мәнді болған 3 балаға БҚЖ екпесі жасалды. Барлық мектеп персоналдарына, мектеп оқушыларына COVID-19 бойынша нұсқаулықтар жүргізілді. Оның ішінде COVID-19 туралы жалпы ақпарат: қол гигиенасы және респираторлық этикет, COVID-19 жұқтырудың шаралары, сақтық шаралары жөнінде айтылды.

««NO SMOKING DAY» шылтым шегуге қарсы!» атты 8-11 класс оқушыларына лекция оқыылды. Лекция барысында темекінің зияны, құрамы жөнінде айтылды.

Қазан айында «Жедел респираторлық аурулар және тұмау» тақырыбында 1-4 класс оқушыларымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, балалар өз ойларын қағазға сурет түрінде түсірді. 5-6 класс оқушыларымен «Грипптен сақтаныңыздар» тақырыбында әңгімелесу жүргізілді. Балалар тақырыпқа байланысты өз ойларын, сұрақтарын қойды. Қол жуу ережелері жөнінде айтылды. 7-8 класс оқушыларыме «Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?», «Тұмаудың алдын – алу» тақырыбында жедел респираторлық аурулар жөнінде лекция оқылды.

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде іс шаралар жүргізілді. Санитарлық гигиеналық тазалық жөнінде сұқбат жүргізіліп, қышыма, педикулезге қарсы мектеп оқушылары тексерілді. Жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлы АБКДС және АДС-М екпелерінің ревакцинациялары жасалды. Барлық өткізілген іс – шаралар карантиндік талаптарды сақтай отырып өткізілді. Күзгі демалыс уақытындағы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін түрлі офлайн іс – шаралар өткізілді. Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің 180 жыл толуына орай танымдық сабақтар өткізілді. Танымдық сағатта жазушының өмірбаяны, әңгімелері мен мақалалары кенінен айтылды. 23 қараша күні жалпыадамзаттық құндылықтар күні. Осы күнге орай «Сүйіспеншілік - адамның басты қасиеті, ақиқат оның негізі, дұрыс әрекет оның шынайы өмірі» атты сыныптан тыс жұмыс жүргізілді. Қарты бар үйдің құты бар демекші мектебіміздің 9-11 сынып оқушылары ауылдағы жалғыз басты аналарға көмек көрсетті. Зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысы бойынша зорлық-зомбылыққа жол жоқ тақырыбында ауылдың учаскелік полиция қызметкері Н.Б.Турганов баяндама оқыды. Қараша айының 30-ы күні 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған «Елбасы – ел мақтанышы» атты 1-11 сынып

аралығында тәрбие сағаттары, салтанатты жиын өткізілді және «Елбасы жолы» атты көрсетілім көрсетілді. «Елің сүйген Елбасы» тақырыбында мектеп дәлізінде кітап көрме ұйымдастырылды. Көрмеде оқушыларға Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірбаяны мен жүргізіп отырған саясаты, ел үшін жасаған істері мен атқарған қызметтері туралы айтылды. Кітап көрмеде Елбасының айтқан қанатты сөздері, суреттері, кітаптары, сыныптастары туралы кітаптары да болды. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне 1-11 сынып аралығында «Тәуелсіздік баға жетпес байлық» атты мерекелік жиын өткізілді. Жиында «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2және 5 класс оқушылары салтанатты түрде қабылданды. «Тәуелсіздік шежіресі» атты кітап көрме өткізілді. Көрмеге ұстаздар мен оқушылар қатысты. Көрмеде қойылған материалдар мектеп және ауылдық кітапханадан алынды. Көрме өз деңгейінде және жоспарланған уақытта өткізілді. 15 желтоқсан күні барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, білімдерін кеңейту. Отанын сүюге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу. Мектебіміздегі спорттық және көркем эстетикалық үйірмелер өз уақытында жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай аудандық мәдениет үйінде өткізілген Жайдарман сайысынан мектеп оқушылары қатысып жүлделі 3 орынмен оралды. Волейбол үйірмесіне қатысатын ер балалар құрамы Шевченко атындағы волейбол сайысына жарысқа барып аудан бойынша жүлделі I орынды иелері атанды. 1-11 класс араларында тоқсан соңында ата – аналар жиналысы онлайн түрінде өткізіліп хаттамасы тігіліп отырды. Өткізілген іс –шаралардың барлығы карантиндік талаптарды сақтай отырып өткізілді. Желтоқсан айында жоспар бойынша Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті және аудан, облыс әкімінің шыршасына баратын балалардың тізімі жасақталды.

Аудандық жалпыға бірдей білім беру қорынан көп балалы отбасынан шыққан АСП алатын оқушылар қыстық киім кешекпен қамтылды.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж және мектепке себепсіз келмей жүрген балалардың дерек қорын қалыптастыру үшін ауыл әкімшілігімен бірлесе отырып мәліметтер жинақталды. Жаңа туылған сәбилер бойынша мәліметтерді ауылдық аурухана фельдшерінен толықтырылып отырды. Желтоқсан айында ауылдық учаскелік полиция қызметкерімен бірге «Түнгі рейд» кезекшілігі ұйымдастырылып өткізілді. Нәтижесінде құқық бұзушылық, келеңсіз жағдайлар орын алған жоқ. Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысымы бақылануда. Дәлелсіз себептер бойынша және жиі сабаққа келмей қалған оқушылар тіркелген жоқ. Оқушыларды есепке алу және олардың қозғалысы жөніндегі тиісті құжаттамаларды жүргізу және сабақты көп босатқан немесе оқудан жалтарған балалар туралы мәлімет аудандық білім бөліміне уақытылы хабарланып отырады. Оқушылардың білімдеріндегі кемшіліктерін жою жөніндегі оқу бағдарламаларын меңгеруде қиындықтарды бастан кешіретін білім алушылар болған жоқ. Мектеп асханасында берілетін тегін ыстық тамаққа 1-10 сыныптар арасынан жартылай жетім, тұрмыстық жағдайы

төмен, көп балалы отбасынан шыққан 18 оқушы қамтылды. Тамақтануға келген оқушылар күнделікті журналға бекітіліп отырады. II тоқсан бойынша педагог психолог төмендегідей жұмыстар атқарды. Қараша айында 6-9 класс оқушылары арасында Зунг шкаласы (Т.И.Балашованың бейімделуі бойынша) сауалнама жүргізілді. Мақсаты: Депрессия жағдайлары және депрессияға жақын жағдайларды дифференциялды диагностикалау, жаппай зерттеулер кезінде және алдын ала, дәрігерге дейінгі диагностика, скринингтік диагностикасын қарау.

Нұсқау: Класс оқушыларына 20 сұрақтан тұратын ықтимал жауаптары көрсетілген бланктер тарату арқылы орындалады. Сауалнама нәтижесі бойынша: Оқушылардың сауалнамадағы ұяйлары мазасыздықтың төмен көрсеткішін көрсетті. «Мен және менің ортам» оқшауланудың алдын-алу мақсатында 5-7 класс оқушыларына тренинг ұйымдастырылды. 8-11 кластар арасында «Риясыз дос» шығармашылық жұмыс ұйымдастырылды. Шараның мақсаты: Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы адамгершілікті, ынмақтастықты, сыйластықты, сүйіспеншілікті мейірімділікті нығайту. Шығармашылық жұмысымызды бастарда оқушылар мен мұғалімдер арасында көңілді тренинг, жаттығулар ұйымдастырылып оқушылар мен мұғалімдер жеребе бойынша өздеріне түскен оқушы мен мұғалімге жақсылық, қамқорлық жасауы бір аптада міндеттелген болатын. Нәтижесінде, ұйымдастыру шарасы барысында уақыттың аздығына да қарамай қызықты жағдайлармен де кезіктік бір-біріне деген жылы лебіздердің жақсылық, қамқорлықтардың куәсі болдық. Шара соңында мұғалімдер мен оқушылар шаттық шеңберіне тұрып бір-біріне құпия түрде жасаған жақсылықтарын айтып, барлығы өз пікірлерімен бөлісіп, алғыстарын білдірді. Желтоқсан айында 10-11 кластар аралығында Ч.Д. Спилбергтің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесі бойынша сауалнама жүргізілді. Мақсаты: реактивті мазасыздық деңгейін зерттеу және (тұлға мазасыздығы) мазасыздықтың деңгейін анықтау. Тестілеу нәтижесінде 10-11 класта мазасыздық деңгейі төмен және орташа деңгейдегі көрсеткіш шығарылып, мазасыздық деңгейі жоғары оқушылар анықталмады. «Сенім – менің серігім» мектепшілік олимпиада қатысушыларына арналған тренинг оқушылардың сенімділігін, мінез-құлықын, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, өз-өзіне сенімін арттыру, мақсатқа жетудегі үміт пен сенімділікті ояту мақсатында жүргізілді. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы бойынша «Өлеуметтік қатерлі жағдайдағы балалардың психологиялық тексерілуі» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында тренинг ұйымдастырылды. Оқушылар арасында талқылау арқылы өз әсерлерімен бөлісіп, ой пікірлерін білдірді. Олимпиадаға қатысушы оқушылармен бірге «Оның есесіне», «Мен саған сенемін», «Мейірімділік алаңы» тренинг жаттығулар жүргізілді. «Зорлық-зомбылықтың алдын-алу» мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында 8-11 класс оқушылары арасында тренинг ұйымдастырылды. Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебінде қараша айында «Темекі – денсаулыққа зиян» тақырыбында 10-11 класс оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Темекі құрамындағы никотин адам өкпесіне тигізетін зияны жөнінде айтылды. Өкпенің қатерлі ісігі туралы ақпарат берілді. Тақырыпты қорытындылау және ой салу мақсатында санбюллетеньдер таратылды. Қараша айында нашакорлықтың алдын алу мақсатында 5-6 класс оқушылары арасында

«Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында оқушылардан өз түсінігінде сурет салу көрмесі өткізілді. Көрме барысында оқушылар өз суреттеріне түсініктеме беріп, нашақорлық жөнінде жинаған ақпараттарын жеткізді.

«Оқушылар арасында нашақорлық пен зиянды әрекеттердің алдын алу» тақырыбында желтоқсан айында 7-11 класс оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға есірткінің түрлері жайында айтылды. Әр есірткінің түріне қарай сипаттама берілді. Есірткіге организм өте тез бейімделетінін және оның ағзаға қауіпті екенін айтылды. Есірткіні қолданған кезде адамның ми клеткалары, бауыры, бүйрегі бұзылады, жүйке жүйесі бұзылады, тамырлары қысылады, ақырында өлімге әкеліп соғатынын, денсаулық адамзаттың байлығы екенін түсіндіріп өткізілді.

Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі бойынша желтоқсан айында БҚЖ ревакцинациясын қайта жүргізу мақсатында қыркүйек айында күдікті нәтижесі қойылған 1 класстың 3 баласына манту сынамасы қойылды. Нәтижелері оң болып, диаскинтесттік бақылауға жіберілді. Барлық мектеп персоналдарына, мектеп оқушыларына COVID-19 бойынша нұсқаулықтар жүргізілді. Оның ішінде COVID-19 туралы жалпы ақпарат: қол гигиенасы және респираторлық этикет, COVID-19 жұқтырудың шаралары, сақтық шаралары жөнінде айтылды.

Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде іс шаралар жүргізілді. Санитарлық гигиеналық тазалық жөнінде сұқбат жүргізіліп, қышыма, педикулезге қарсы мектеп оқушылары тексерілді. Жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлы АБКДС және АДС-М екпелерінің ревакцинациялары жасалды. Қысқы демалыс уақытындағы оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы үшін түрлі офлайн іс-шаралар өткізілді. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша 12 сәуір Ғарышкерлер күніне арналған тәрбие сағаттары және сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді. «Қыздар тәрбиесінің дәстүрлі құндылықтармен сабақтастығы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Дәстүр мен ғұрып жобасы бойынша «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» жасалынып жәрмеңке жасалынды. Экологиялық мәдениет жобасы бойынша 6 класс оқушыларының арасында «Қоршаған ортаға ұқыпты қарайық» тақырыбы бойынша тәрбие сағаты өткізілді. 7 класс жетекшісі Жұмашева Гүлімнің ұйымдастыруымен «Таза болса табиғат – аман болар адамзат» тақырыбы бойынша сыныптан тыс жұмыс өткізілді. Мамыр айында құқықтық сана қауымға пана жобасы бойынша 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай арнайы жоспар құрылып тәрбие сағаттары және мерекелік кеш өткізілді. Мерелекелік кешке 1-11 класс оқушылары белсене қатысты. Әр ұлттың ұлттық киімдерін киіп сонымен қатар ұлттық тағамдарын таныстырып өтті. «Қазақ елі – татулық мекені» атты кәтап көрмесі ұйымдастырылды. Әділет дебат клубының жетекшісі Санабаев Рамазанның жоспары негізінде «Қазақстан бірлікпен татулықтың ордасы» тақырыбында пікірсайыс турнирі өткізілді. 5-6 класс оқушылары «Қазақстан – біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» деп әлеуметтік желіге құттықтау өлең жолдарын жолдады. «Көп ұлтты, тату елім – Қазақстан» тақырыбында 9-11 класс оқушыларының арасында эссе байқауы өткізілді. Оқушылар белсенділік танытып қатысты. Жеңімпаздар анықталып марапатталды. 1-4 класс оқушыларының арасында «Қазақстан – көп ұлттың достық мекені» атты сурет

байқауы өткізіліп оқушылардың жұмыстары көрмеге қойылды. 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған «Еркін елдің ұланымыз» тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаттарға ауылымыздың учаскелік инспекторы Тұрғанов Нұрдаулет Базарбайұлы қатысты. 9 мамыр жеңіс күніне арналған «Жеңіс туы желбіресін» тақырыбы бойынша 10-11 класс оқушыларының арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Ұлы жеңіс ардагерлерінің отбасыларына көмек көрсету акциясы бойынша ауылымыздағы ұлы жеңіс ардагері Баймұрат ағамыздың отбасына барып «Қанатты Жастар» клубы қол ұштарын тигізіп қол қабыс етіп келді. Атамыздың отбасы оқушыларымызға өзінің ыстық жылы лебізін білдіріп ақ батасын берді. Рухани – адамгершілік тәрбие бағыты бойынша музей күні жобасы іске асырылды. Адал ұрпақ жобасы аясында «Тарихтан тағалым – өткенге тағзым» 31 мамыр саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу бойынша тарих пәні мұғалімдері іс – шаралар ұйымдастырды. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Оқырмандар отбасы» іс –шарасы ұйымдастырылып оқушылар белсене қатысты. Дебат жобасы бойынша «Қазіргі заманғы жастарға патриотизм тән бе?» тақырыбында дебат ұйымдастырылып оқушылар өз ойларын еркін жеткізе алды. Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай «Ынтымағы жарасқан , туған өлкем Қазақстан» тақырыбы бойынша мектепшілік іс –шара ұйымдастырылды. 25 мамыр «Сыңғырла, соңғы қоңырау -2022» салтанатты жиыны өткізілді. Маусым айында Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие құқықтық тәрбие бағыты бойынша 1 маусым балаларды қорғау күні ұйымдастырылды. Іс –шараға ауылымыздың ағалары белсене қатысып өз тәттілерімен оқушыларымызды қуантты. 9-11 сынып бітіруші түлектеріне арналған мемлекеттік аттестат тапсыру кеші ұйымдастырылды. Өткізілген іс – шаралардың барлығы мектебіміздің Sever\_school парақшасына жарияланып отырды.

## **2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

**Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс**

### **Тәрбие жұмысының мақсаты:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

## **Тәрбие жұмысының міндеттері:**

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
  2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
  3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
  4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
  5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
  6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
  7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
  8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
  9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
  10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.
- Күтілетін нәтижелер:**
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:
- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

### **Іске асыру тетіктері:**

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.
- **Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**
- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K11000000518>;
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;

- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІІ <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ІІ <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/docs/Z0700000319>
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жазғайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

## **ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:**

- ✓ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздеріне – 30 жыл;
- ✓ Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға кіруіне – 30 жыл;
- ✓ Ахмет Байтұрсынұовтың туылғанына – 150 жыл;
- ✓ Мәншүк Мәметованың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Әзілхан Нұршайықовтың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Роза Бағланованың туғанына – 100 жыл;
